

## **«Жас достарымның арасындағы жазғы күндерім» тақырыбында қашықтықтан өткізілген республикалық байқаудың қорытындысы**

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы мектепке дейінгі, жалпы орта білім беретін мектептер, қосымша білім беру ұйымдарымен балалар сауықтыру лагерлері тәлімгерлерінің арасында «Жас достарымның арасындағы жазғы күндерім» тақырыбында республикалық байқауын 2016 жылғы 17 наурыз – 26 сәуір аралығында өткізді.

Мақсаты: жазғы демалыс кезінде балаларды демалдыру, сауықтыру үшін тиімді жағдайды және олардың қабілеттері мен қызығушылықтарын жан-жақты дамытуды қамтамасыз ететін жаңа инновациялық бағдарламалар, әдістер және технологияларды анықтау.

Байқауға екі номинация бойынша 8 жұмыс келіп түсті:

1) «балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша авторлық бағдарламалар»;

2) «білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету».

Ұсынылған шығармашылық жұмыстар келесі өлшемдер бойынша бағаланды: байқаудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі, бағдарламалық материалды әдістемелік қамтамасыз етудің толықтығы, бағдарламалық-әдістемелік материалдарды жетілдіру әлеуеті, әдістемелік материалдардың өзектілігі.

«Жас достарымның арасындағы жазғы күндерім» тақырыбында өткізілген республикалық байқауда әділ қазылар мүшелерінің шешімі негізінде 5 қатысушы жеңімпаз болып анықталды.

### **«Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша авторлық бағдарламалар» номинациясы**

#### **I орын**

1. Деминская Оксана Витальевна (Алматы облысы, Текелі қаласы, № 8 орта мектебі).

#### **II орын**

2. Черненко Владимир Иванович (Астана қаласы, Балалар үйі).

3. Семёнова Светлана Анатольевна (Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Шортанды кенті, Новокубанск орта мектебі).

### **«Білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету» номинациясы**

#### **I орын**

4. Турпанбаев Айдар Нурсултанович (Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, №10 «Балбұлақ» ясли-бақша).

#### **II орын**

5. Өтепқали Нәсіпқали Зинелғабиденұлы (Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кенті, Оқушылыр шығармашылық орталығы).